

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ	Пр 017-1.37-2022
	ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	31.10.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 1-18

**МАГИСТРАТУРА ЖӘНЕ
PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Алматы
2023ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2-18

ҚР МСМ «Темірбек
 Жүргенов атындағы Қазақ
 ұлттық өнер академиясы»
 Ғылыми кеңесінің
 шешімімен бекітілді
 «25» 05 2023 жыл
 № 10 хаттама

МАГИСТРАТУРА ЖӘНЕ PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Тағайындау және қолдану аясы

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның магистратурасы мен PhD докторантурасына қабылдаудың Осы Ережелері (ары қарай – Ережелер) Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның магистратурасы мен PhD докторантурасына қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Нормативтік нұсқаулық/сілтемелер

Осы Ережелер келесі құжаттардың талаптары мен ұсыныстарына сәйкес құрастырылады және процедураларды байланыстырады:

- 27.07.2007 ж., №319 ҚР «Білім туралы» Заңы;
- 18.02.2011 ж., №407- IV ҚР «Ғылым туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің 2018 жылдың 31 қазанындағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №600 бұйрығы;
- «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы;
- «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23-қаңтардағы №58 қаулысы.

3. Жалпы ережелер

1. Магистратураға, докторантураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-18

2. Магистратураға, докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ЖОО кейінгі білім беру бойынша қабылдау комиссиясының күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау Академия қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады. Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

3. Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте «кіруде» магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді. Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін Академия дербес анықтайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

Пререквизиттер ретінде тануды жүзеге асыратын Академияға магистрант тиісті деңгейдің формалды емес білім берудегі оқыту нәтижелерін ұсына алады.

Жоғары арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері бейінді бағыттағы магистратураның тиісті бағдарламаларына сәйкес оқыту нәтижелеріне теңестіріледі.

4. Академия магистранттарының контингенті ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4-18

конкурстан өткендерден, сонымен қатар, өз қаражатымен не басқа да көздерден түскен қаражатпен оқу ақысын төлейтіндерден құралады.

5. PhD докторанттарының контингенті ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауға бөлінетін мемлекеттік білім беру тапсырысының конкурсы бойынша өткен немесе өз қаражатына ақылы негізде оқитын білім алушылардан құралады.

6. Магистратурада/ PhD докторантурада оқу өндірістен қол үзетін күндізгі бөлімде жүргізіледі. Магистратурада оқу мерзімі: ғылыми-педагогикалық бағытта – 2 жыл, бейіндік бағытта – 1 жыл. PhD докторантурада оқу мерзімі 3 жылды құрайды.

7. Академияның магистратураға/докторантураға азаматтарды бюджет қаражаты есебінен қабылдауы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігінің конкурстық негізде жыл сайын жариялайтын мемлекеттік білім беру тапсырысы шегінде анықталады.

8. Академия белгіленген жоспардан тыс заңды және (немесе) жеке тұлғалардың оқу ақысын төлеуімен келісім-шарт негізінде оқуға азаматтарды қабылдауға құқылы. Бейіндік магистратурада оқу ақылы жүргізіледі. Магистратурада және докторантурада оқыту құнының мөлшері Темірбек Жүргенов ат. ҚазҰӨА- мен белгіленеді.

9. Магистратураға/докторантураға қабылдау жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзімде жүргізіледі.

10. Академия магистратураға лицензиясы бар келесі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша дайындауға азаматтарды қабылдауды жүргізеді (Ескерту: тізім білім беру қызметін жүргізу құқығына рұқсат алынатын білім беру бағдарламаларымен толықтырылуы мүмкін):

Магистратура білім беру бағдарламаларының топтары:

№	Білім беру бағдарламалары тобының коды мен атауы
1	M025 – Дәстүрлі музыка өнері
2	M028 – Режиссура
3	M029 – Театр өнері
4	M030 – Эстрада өнері
5	M031 – Хореография
6	M032 – Аудиовизуалды өнер және медиаөндіріс
7	M033 – Бейнелеу өнері
8	M034 – Өнертану
9	M035 – Сән және дизайн
10	M037 – Арт-менеджмент

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022
		31.10.2022 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 5-18

Докторантура білім беру бағдарламаларының топтары:

№	Білім беру бағдарламалары тобының коды мен атауы
1	D028 – Режиссура
2	D029 – Театр өнері
3	D030 – Эстрада өнері
4	D031 – Хореография
5	D033 – Бейнелеу өнері
6	D034 – Өнертану

11. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Академияда қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Академия басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі Академия басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Қабылдау комиссиясының міндеттері:

Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ және/немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

12. Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның магистратурасы/докторантурасына қабылдау емтихандарын өткізу кезінде: Академия ректорының бұйрығымен емтихан және апелляциялық комиссиялар құрамы құрылады және өкілеттіктері бекітіледі.

13. Магистратураға және PhD докторантураға қабылдау құжаттарды қабылдау басталатын күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей даярлаудың білім беру бағдарламаларының топтарын көрсете отырып бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-18

4. Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның магистратурасына түсушілердің құжаттарын қабылдау тәртібі

1. Академия қабылдау комиссиясы магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 шілдесі аралығында жүргізіледі.

Магистратураға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 16 - 25 шілдесі аралығында өткізіледі.

Магистратура КТ-і күнтізбелік жылдың 20 шілдесі мен 10 тамыз аралығында өткізіледі.

Магистратураға қабылдау күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін жүргізіледі.

2. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

3. Магистратураға түсуші адамдар күнтізбелік жылдың 15 шілдесіне дейінгі мерзімде Академияның қабылдау комиссиясы арқылы келесі құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1) ұйым басшысының атына өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі және түпнұсқасы;
- 3) жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) 3x4 сантиметр өлшемді 6 фотосурет;
- 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;

б) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 6.0; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 60; неміс тілін меңгеру бойынша: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau C1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво С1) (DSH, Niveau C1) (ДЙСИЭИЧ, ниво С1) – С1 деңгейі; TestDaF-Pruefung Niveau C1 (тестдаф-прюфун ниво С1) (TDF Niveau C1) (ТЙДИЭФ, ниво С1) – С1 деңгейі; француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша В1 деңгейінен төмен емес; Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELFI) (ДЭЛФ) – В2 деңгейінен төмен емес; Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALFI) (ДАЛФ) - С1 деңгейі; Test de

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 7-18

connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (ТСФ) (ТСФ), шекті балл кемінде – В2 деңгейінен төмен емес (болған жағдайда);

7) қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);

8) соңғы 3 жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда);

9) тіркеу куәлігінің немесе әскери билеттің көшірмесі (ерлер үшін);

10) ұсыным хат.

Осы тармақтың 3), 6), 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары түсушілерге қайтарылады.

Қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

4. Магистратураға түсуге құжаттар бакалавриат мамандықтарының магистратура білім беру бағдарламаларының сәйкестендіру кестесіне қарай қабылданады. Әр білім беру бағдарламаларына көрсетілген пререквизиттарымен сәйкестендіру кестесі Академияның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

5. Магистратураның білім беру бағдарламаларын табысты игеру үшін қажетті пререквизиттерді алдыңғы білім беру сатысында игермеген тұлғалар оқу процесіне жіберілмейді.

6. Ерекше жағдайда құжаттарды сәйкестік кестесінде көрсетілмеген білім беру бағдарламасына тапсыруға рұқсат етіледі. Егер үміткер сәйкестік кестесінде көрсетілмеген білім беру бағдарламасына түсетін болса, оның ғылыми жұмысының (диссертациясының) бағыты ғылымдар тоғысындағы зерттеулерді қамтуы тиіс. Бұл ретте құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде үміткер портфолио мен оқуға түскісі келетін білім беру бағдарламасы бойынша кафедра меңгерушісінің жазбаша қорытындысын ұсынуы қажет. Қабылдау комиссиясы бұл жағдайды қарастырады және үміткерді магистратураға түсу емтихандарына жіберу туралы шешім шығарады, ол қабылдау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

7. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шетел тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 8-18

8. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес өткізіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандарды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша оқуға түсетін Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ары қарай – ЖЖОКБҰ) тапсырады.

9. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар төменде көрсетілген кестедегі балдарды аудару шкаласына сәйкес өз қалауы бойынша шет тілі блогын тапсырудан босатылады:

Тест түрі	Балл	Шет тілі бойынша балл
IELTS	6 кем емес	25
	6,5 кем емес	30
	7 кем емес	40
	7,5 кем емес	45
	8 кем емес	50
TOEFL IBT	78 кем емес	25
	93 кем емес	30
	101 кем емес	40
	109 кем емес	45
	114 кем емес	50
DSH, TestDaF-Prüfung	B2 деңгейінен кем емес	25
	Niveau C1/деңгей C1	35
	Niveau C2/ деңгей C2	50

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9-18

TFI, DELF, DALF, TCF	B2 деңгейінен кем емес	25
	C1 деңгейінен кем емес	35
	C2 деңгейінен кем емес	50

Шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізу қажет. Осы кестеде көрсетілген шет тілі блоктары бойынша балдар КТ сертификатында көрсетілмейді.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің «Шет тілі» (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

5. Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның докторантурасына түсушілердің құжаттарын қабылдау тәртібі

1. Академия қабылдау комиссиясы докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды күнтізбелік жылдың 3 шілдесі мен 3 тамызы аралығында жүргізеді. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4-20 тамызы аралығында өткізіледі. Докторантураға қабылдау күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін жүргізіледі.

2. Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі, сонымен қатар жұмыс орны не жоғары оқу орнынан (факультеттің/ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің отырысының хаттамасынан үзінді көшірме түрінде болуы мүмкін) ұсыным хаты бар тұлғалар қабылданады.

3. Докторантураға түсуші тұлғалар Академия қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1) ұйым басшының атына өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы және нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы сертификат (шетелдік азаматтарды қоспағанда);

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-18

5) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.5; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 87; Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT) (ТОЙФЛ ПЙБИТИ), шекті балл кемінде – 453; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл – кемінде 460; неміс тілін меңгеру бойынша: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B2 (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B2) (DSH, Niveau B2) (ДЙСИЭИЧ, ниво B2) – B2 деңгейінен төмен емес; TestDaF-Pruefung Niveau B2 (тестдаф-прюфун ниво B2) (TDF Niveau B2) (ТЙДИЭФ, ниво B2) - B2 деңгейінен төмен емес; француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес; Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес; Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ), шекті балл кемінде – B2 деңгейінен төмен емес;

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі, зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) болжанатын отандық немесе шетелдік ғылыми кеңесшімен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі;

11) портфолио (болған жағдайда);

12) ұсыным (ұйымның қолымен және мөрімен).

Осы тармақтың 3), 5), 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11-18

саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның «жеке кабинеті» арқылы жолданады. Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі. Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін Академияның қабылдау комиссиясы тексереді. Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

4. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мақсатты дайындау аясында мемлекеттік білім беру тапсырысымен оқуға үміткерлердің өтініштері Академияда қабылданады.

5. Докторантураға түсуге құжаттар магистратура білім беру бағдарламаларының докторантура білім беру бағдарламаларына сәйкестендіру кестесіне қарай қабылданады. Әр білім беру бағдарламаларына көрсетілген пререквизиттарымен сәйкестендіру кестесі Академияның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларын табысты игеру үшін қажетті пререквизиттерді алдыңғы білім беру сатысында игермеген тұлғалар оқу процесіне жіберілмейді.

Ерекше жағдайда құжаттарды сәйкестік кестесінде көрсетілмеген білім беру бағдарламасына тапсыруға рұқсат етіледі. Егер үміткер сәйкестік кестесінде көрсетілмеген білім беру бағдарламасына түсетін болса, оның ғылыми жұмысының (диссертациясының) бағыты ғылымдар тоғысындағы зерттеулерді қамтуы тиіс. Бұл ретте құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде үміткер оқуға түскісі келетін білім беру бағдарламасы кафедра меңгерушісінің жазбаша қорытындысын ұсынуы қажет. Қабылдау комиссиясы бұл жағдайды қарастырады және үміткерді докторантураға түсу емтихандарына жіберу туралы шешім шығарады, ол қабылдау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

6. Магистратураға түсу емтихандарын өткізудің тәртібі

1. КТ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар үшін күнтізбелік жылдың 20 шілдесі мен 10 тамыз аралығында өткізіледі.

КТ: шығармашылық дайындықты талап ететін ғылыми-педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 12-18

түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен;

шығармашылық дайындықты талап ететін бейіндік бағыттағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін: оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен тұрады.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын Академия әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітеді.

Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

3. Магистратураға шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде Академияда білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Академия профессор-оқытушылық құрамының қатарынан құрылады және комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлай отырып, Академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.


Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

4. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда шығармашылық емтихандар академияның Moodle платформасының ZOOM арқылы ауызша және жазбаша түрде өткізіледі.

5. Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысы баға ведомосымен және комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді, нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады. Аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда хаттама шығармашылық емтиханның бейнежазбасымен ауыстырылады.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ
КОМИТЕТІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Пр 017-1.37-2022
31.10.2022 ж.

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 13-18

емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады

КТ, түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

7. Докторантураға түсу емтихандарын өткізудің тәртібі

1. Докторантураға түсушілер шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.5; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 87; Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT) (ТОЙФЛ ПЙБИТИ), шекті балл кемінде – 453; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл – кемінде 460; неміс тілін меңгеру бойынша: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B2 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво В2) (DSH, Niveau B2) (ДЙСИЭИЧ, ниво В2) – В2 деңгейінен төмен емес; TestDaF-Prüfung Niveau B2 (тестдаф-прюфун ниво В2) (TDF Niveau B2) (ТЙДИЭФ, ниво В2) - В2 деңгейінен төмен емес; француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) – оқу және тыңдау секциялары бойынша В2 деңгейінен төмен емес ұсынады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін академияның қабылдау комиссиясы тексереді.

2. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханын Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес, докторантураның білім беру бағдарламасына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады.

3. Академия Ғылыми кеңеспен білім беру бағдарламаларының шығармашылық емтиханының бағдарламаларын қабылдау емтихандары басталардан екі ай бұрын бекітеді және Академияның ресми сайтына орналастырады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
		Бет 14-18
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		

4. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – Академияда білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес Академия профессор-оқытушылық құрамының, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Академия қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып Академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі және уәкілетті органға жіберіледі.

8. Апелляциялық комиссия жұмысы

1. Академия түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін уәкілетті органға докторантура, магистратура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

2. Түсу (шығармашылық) емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін Академияда апелляциялық комиссия құрылады. Академиядағы апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссия докторантураға және магистратураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

3. Докторантураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке беріледі.

Өтініштер шығармашылық емтихандар нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және Академияның апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

4. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022
		31.10.2022 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 15-18

9. Оқуға қабылдау

1. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша төмендегі кестеге сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғары балл саны 35 балды құрауы тиіс.

Тест түрлері	Блок	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Бір дұрыс жауапты таңдау	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Сыни ойлау	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/Орыс	15	30	7
	Аналитикалық ойлау			15		
Шығармашылық емтихан	ЖЖОКБҰ дербес өткізеді				35	7
					35	7
	Барлығы			80	150	75*

* ақылы негізде оқу үшін

* білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша төмендегі кестеге сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, және әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Тест түрлері	Блок	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Оқуға дайындығын	Сыни ойлау		Қазақ/ Орыс	15	30	7

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 16-18

анықтауға арналған тест	Аналитикалық ойлау	Бір дұрыс жауапты таңдау		15		
Шығармашылық емтихан	ЖЖОКБҰ дербес өткізеді				35	7
	Барлығы				35	7
				30	100	50*

* ақылы негізде оқу үшін

Магистратураға түсушілер ЖЖОКБҰ белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда ЖЖОКБҰ-ға қабылданады. Қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын ғылыми-педагогикалық магистратураға конкурстан өте алмай қалған және/немесе шекті балл жинай алмаған түсушілерге, қабылдаудың үлгілік қағидаларының 7-1-қосымшасына сәйкес кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес КТ нәтижелері бойынша қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын бейінді магистратураға ақылы негізде оқуға түсуге болады. Бұл ретте білім беру бағдарламасының тобын өзгертуге болмайды.

2. Докторантураға тұлғаларды ақылды негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша шығармашылық емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) Ғылыми-педагогикалық магистратура үшін, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары үшін Үлгілік қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес – кемінде 75 балл;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін Үлгілік қағидалардың 7-1-қосымшасына сәйкес – кемінде 50 балл.

4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.




Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
		Бет 17-18
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		

туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

5. Академия уәкілетті органға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-1.37-2022 31.10.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 18-18

Әзірленді:		
ЖООКББ басшысы		Тлеулинова Ж.А.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор		Халыков К.З.
ЖООББ ҒЗО басшысы		Кульшанова А.А.
Заң бөлімінің басшысы		Исламов П.Э.